

ЖҰЛДЫЗ

КАЗАКСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ ОРГАНЫ

6 1974



«ІЗДЕП КЕЛЕМ...»

Сағи ЖИЕНБАЕВ». «Әлия». «Жазушы» баспасы. 1973 ж.

ӨЛЕҢГЕ ҚАРАЙ

Мынау қыр,
мынау шағылым —
Талайдан бері көрмеген,
Баяғы күйі бәрінің,
Өзгермейді екен жер деген.
Соға алмай жүріп, ақыры,
Бұған да, міне жолықтым.
Күн келе жатыр ақырын
Үстімен жылжып «Ойықтың», —

Ақын өзінің кезекті кітабын осылай, дала-сы жайлы сөйлеп, даласы жайлы толғанудан бастайды. Дала боп сөйлеп, дала боп толғанып келеді де, бала боп ойнап, балаша еркелеп қоя береді:

Еркелеймін далама кең болғасын,
Сәби күннен қалған бір жел болғасын.
Еркелігін ұлының жалғыз ғана.
Ауырсынбай көтерер сол болғасын.
Еркелеймін досыма ер болғасын.
Мен дегенде көңілі көл болғасын!
Жасырмаймын сырымды жалғыз ғана.
Жан — күйімді түсінер сол болғасын.
Солар менің —
кең жайлау, көк орманым,
Солар менің —
сенерім, солар — барым.
Екеу ғана тірегім,
Екеуіне
Еркелігім өтпесе —
не болғаным?!

Ақын жаны осыны айтып тебіренеді. Ақын өзі ғана еркелемейді, ақын жазған өлең де еркелеп үн қатады. Бұл жерде өлең ақын жанынан туып, ақын жанының өзіне айналады. Әр ырғақтағы жан желпінтер жайсаң леп сыртқы әуезділігімен бірге өлеңнің толқымалы ішкі әуеніне қосылып, тоғыса келе өлең — әнге айналады. Оқушы жанын толқытып, мазасыздық әкелетін де осы ән — әуен. Осы ән-әуен арқылы ақын жан аңсауы мен жүрек сағынышын өлең бойына түгел сіңірген.

Жинақ «Жер жыры», «Сырдария толқындары», «Атжарыс алаңында», «Өзіңе арнадым» деген бірнеше өлеңдер тобынан және «Әлия» поэмасынан құралады. Қай өлеңінде болмасын, ақын оқушысымен бүкпесіз сырласады.

Туған жер, дос көңілі адам жанын тебіреніссіз қалдыра алмасы аян. Лирикалық геройға өмірінің ең көрікті, көркем шағын өткізген қыр, өмірінің ең көрікті, ең көркем сәттерін бір күтіп, бірге шығарып салған замандас сыры өзге сұлулықтың бәрінен биік, өзге қызықтың бәрінен ыстық. Тіпті солар қалдырған реніштің өзі қуанышқа қиғысыз.

Жерін, елін сүйген лирикалық герой өз сүйіспеншілігін ғана білдірмей, өзі мен өзгелер арасындағы сүйіспеншілікті, сол арқылы өзі мен өзгелер көкірегінің асыл сырын ашады. Оқырман жанының тереңіндегі үлкен адамгершілік қасиеттерін биіктей, жар-

қырай түсуі де Сағи шығармаларының осы қасиетінің жемісі.

Туған жер, замандас жайлы ойлар — ақын махаббатының, ақын шабытының қайнар көзі. («Ақынның мақтанышы»). Ол Отаным қалтқысыз сүю мен бірге сондай ұлы елдің азаматы болғанына шексіз мақтаныш сезімін білдіреді.

Мен — елімнің мәңгілік жастығымын,
Мен — жерімнің көктемгі тасқынымын.
Мен — көктемгі таулардың

жұпарымын,
Мен — көктемгі баулардың жас гүлімін.
Сәулесіне оранып күміс таңның,
Октябрьде алқызыл ту ұстадым.

Менің өлкем —
кең байтақ Қазақстан,
Қазақстан —
жырстан, гүлстаным!

деген ақын үніндегі биіктік пен өрлік орынды мақтаныштан туған. Асқақ елдің азаматы да асқақ.

Өнер жолында әркімнің өз шыққан биігі, асқан асуы бар. Оқушы қауым да әр өнер иесіне сол асқан асу, шыққан биігіне қарай талап қояды. Әрине. ақын үнемі асыл туындылар ғана беруі тарихта кездесе бермеген құбылыс. Жақсы жыр, өте жақсы жыр жазып келген ақын да кей кездері ортақол яки шала жыр жазуы мүмкін. Бұл ақынға өмір құбылыстарының әр түрлі кезеңде әртүрлі әсер еткендігінен де болар. Бірақ, ақынның жаман жыр жазуы кешірімді, табиғи нәрсе деуден аулақпыз. Жақсы ақындардың кейде «жақсы емес» жыр жазып қоюы оқушысын аса ренжітпейді. Ал, жақсы ақынның «жаман жыр» жазуы қылмыс болып табылмағанымен, үлкен айып.

«Жаңа жыл бүгін» өлеңі:

Биыл да тағы
атқарар сенің ісің көп,
Өзіңді, далам,
ұрпағың ғана түсінбек... (!)
Аламыз бокал
қазақтың байтақ қырына
Тағы бір Жылдың
аман-сау келгені үшін деп! —

деумен аяқталады. Өлеңді тұтас оқығанда, онда ой да, таза сезім де бар, көңіл қалауы да ізгі. Сөйткенмен жақсы ой, әдемі сезім, ізгі тілек әрқашан жақсы, әдемі, ізгі өлең бойына қалай сіңірілгеніне де баса назар аудару керек.

Өмірде кездесетін қуаныштарымыз үшін тост көтеріп жататынымыз рас. Бұны қазіргі таңда өте орынды деп таппасақ, орынсыз дей де алмаймыз. Ақынды бокал көтергені үшін кінәлау жадағайлықтан өзге ештеңе де болмас еді. Сөйте тұра ақынның өз өміріндегі республика өміріндегі аса елеулі күні бар қуанышын бокал көтерумен ғана шектеуі әрине аса келісіп тұрған жоқ.

СІЗГЕ ҚАРАЙ...

Дегенмен, жинақ бойындағы мөлдір, бұла толқын жаныңызды баяу шайқап өткенде, сіз де жасарып, жайнап қаласыз. Олай болатыны сіз мәз шағыңыздың мерейлі жүзін көріп, «тәңірінің өзі қалағандай» таза қалпы-

мен қайта қауышасыз. Жадырайсыз. Жадырап отырасыз да жаныңыздан бір мазасыз құй ұғасыз. Сізге сол сәтте ес кіргелі іздеп келген аяулы елес бір сәт көрініп қалғандай сезіледі. Сол елеске бүкіл болмысыңызбен ұмтыла беріп, қала бересіз... Тағы, тағы да көз жазып қаласыз. Қайта іздейсіз. Енді өз жоғыңызды ақынмен қосыла іздейсіз.

Жер үстінде жоқ іздеген көп шығар,
Жанға дауа ем іздеген көп шығар.
Күрсінгенде кеудесінен от шығар,
Жер үстінде жоқ іздеген көп шығар.
Қарайды аспан жұлдыздарын жоғалтқан
Ертелі кеш көк жүзінен көп аққан...
Қарайды көл аспан жаққа елендеп,
Қарайды өзен толқындарын тонатқан.
Сұрайды олар, сұраймын мен олардан,
Қымбатымды, қимасымды жоғалған.
Баяу ғана шайқалады бұлттар да,
Әлсіз ғана теңселеді көк орман.

Оқи бастадыңыз-ақ өлең бойындағы лыпып соққан қан тамырын, ондағы инабатты, инабатты бола тұра, асау құштарлықты (пәфос) бірден аңғарасыз. Япұш-ау, ақын дә соны іздеп жүр екен-ау... Соны... Сол бір ғана жал етіп көрініп, бір жола қоштасқан... аңдаусыз жоғалтып алған аяулы елесті... Бұл сөздер сіздің ойыңызға оралған-ды. Ақын сіздің ойыңыздан шықты. Біржола жоғалған, бірақ жүрегіңізден ешнәрсе өшіре алмайтын бейнені көрдіңіз. Мезгіл алыстата берген, әлсірете берген, сөйтсе де сөнбеген, сөнбейтін алау қайта лаулады. Жанға ашылмаған сырыңыз, — жан бағыңыздың алтын құсы жарық дүниенің нұрлы шуағына шомылып, қайтадан құлпырып шыға келді. Енді сіз көңілдісіз. Бүгінге дейін еңбек бақытын, талай жеңіс қуанышын сезініп келген сіз енді жаңа бір қуаныш, жаңа бір бақытпен табысасыз. Ол жаныңыздың тыныштығынан емес мазасыздығынан туған шаттық. Жаныңыздағы қуаныш пен мұң, үміт пен өкініш арпалысы сізді отқа да, суға да салады. Сол от пен су арасында сіз бойыңыздан жаңа қуат табасыз. Ол — мұң мен өкініш және қазіргі жеңісіңіз әкелген шаттықтан туған қуат. Сөйтіп жеке адам ретінде сіз өзіңіздің жеке басыңыздың мұңынан да қуаныш сезесіз. Сөйте-сіз де досыңызды қуантуға, сәл де болса бақыттырақ болуына септігіңді тигізсем дейсіз. Соған асығасыз. Бұл жерде сіз тынышсыз өмір кешетін үлкен адамсыз. Жаныңызға осынша қозғау салып кеткен поэзияға бұрынғыдан да гөрі үлкен құрметпен қарайсыз. Өзіңіз жайлы ақынның осынша көп, тіпті өзіңізден де көп біліп алғанына таңданасыз. Таңданбайсыз да. Өйткені ақын өз жүрегің сөйлеткенмен сіздің сырыңызды айтады, өз жүрегінің сырын сіздің өзіңіз болып ақтарады. Ақын шығар биіктің бір межесі де осы.

ҚАЙТАДАН ӨЛЕҢГЕ ҚАРАЙ

Ақын оқырман көңіліне сөзбен жасаған суретінің тұтастығымен, жандылығымен жақындайды. Лирикалық кейіпкерге «Баяу ғана шайқалып қойған бұлттар», «әлсіз ғана теңселіп қойған көк орман» оқырман алдында да үнсіз тұрады. Осындай үнсіздік (жауап-

сыз қалған сұрақтар) өлең бойына әлдеқандай элегиялық реңкі (рай) береді. Ол өлеңге көлеңкесін түсіруден аулақ. Көктем таңында алма ағаш гүліне тұнған шық қандай мелдір болса, бұл да өлең табиғатына сондай жарасымды, бейкүне мұң. Бұл секілді уақыт ізі қалдырған элегиялық үн ақынның өзге өлеңдерінде де кездеседі. Лирикалық геройдың күшті ерік, жігері көрініп, тұрған жерде бұл үн шығарма ерекшелігін толықтыратын көркемдеуші құрал ретінде танылады.

Көңілдегі жаз күнін кеттің алып,
Көлімдегі қаз үнін кеттің алып.
Бозғылт мұнар басады тауым басын,
Бір суық жел қашады бетті қарып.
Жан-жағыма қараймын, бауларыма,
Бауларыма күз келіп қалғаны ма.
Көк шалғында ойнайтын күлгін сәуле
Шығып қапты бұлттардың аржағына...
...Тоқтамайтын тоғайдың шуы, сірә,
Қызық екен тым-тырыс тұрысы да...
Көрінбейді күндегі көп жұлдызым.
Кіріп алып аспанның қуысына.
Қайда жүрсің, елігім, менен кетіп,
Күндіз-түні көңілді елеңдетіп,
Қонып жатыр шықтар да жапырағыма
Жапырағымның еңсесін төмендетіп,

Өлеңде мұң бар, бірақ мұңаю жоқ. Қуанышқа ұмтылу, әлдебір биікке қол созу, соған тынымсыз талпыну бар. Қайрат, онымен бірге әлсіздік те бар. Осы қасиеттер арқылы ақынның жан сырына қанығамыз. Өлеңнің гармониялық бір тұтастығы да оның осындай көп қырлылығынан құралады.

Жинаққа енген «Әлия» поэмасы — сюжеттік даму желісі, композициялық құрылысы жағынан ерекшелігі бар шығарма. Оқиға желісі автордың суреттемесімен басталады да, Әлияның күнделігі, хаттары арқылы ширай түседі. Күнделік беттері, хат сыры Әлияның ішкі монологы іспеттес. Поэмада документтік фактілер де бар. Ондай документтік сипат шығарманың көркемдік тұлғасына нұқсан келтірмейді. Ақын фактыларды суреткер көзімен талғап, көңілінде қорытып пайдаланады. Әрине бұл айтылғандар өз алдына шығарма табиғатының әрі де, көркі де бола алмайды. Шығарма құндылығы сыртқы форма сұлулығы мен мазмұн тереңдігінен көрінеді. Форма сұлулығы мен мазмұн тереңдігі бұл екеуінің өзара тығыз байланысынан туындайды. Онсыз шығармада әсем форма да, терең мазмұн да жоқ. Ақын поэмасында форма мен мазмұнды бірінен-бірі туындатып, екеуін бір шығарманың бір ғана күрделі болмысына айналдырған.

Өзеннің беті шымырлап,
Ақырын сипап жақпарды,
Торғайлар ғана шырылдап,
Таң атып келе жатқан-ды.
Ұзарып таңның алдында,
Талдардың ұшар бастары,
Ояна берген шалғындар
Желбіреп жібек шаштары...

Поэмаға барар жол осылай басталады. Осынша таза, осынша тұнық, сұлу дүниеде әлдебір бетен ой, жат тілек бар деп ойлау қиянат секілді. Өйткені бар дүние ғашықтық

жүзбен албырап қана қарайды. Бірақ дәл қос
осы сәтте: өл
би

Гүілдеп, сарнап,
Аспанға бәрін атты жер... күңіреніп,
Қап-қара күйе...
күл көміп,
Көңірсіп...
бықсып жатты бел...

Ақын бірімен — бірі контрастық қатынаста-
ғы екі суретпен қиын кезеңнің жан түрші-
герлік үлкен полотносын жасаған. Қарама-
қарсылықтар бірлігінен мінсіз келісім тап-
қан. Мұндағы келісім қарама-қайшылықтар-
дың бірлігінен ғана емес, сол қайшылық-
тардың қайшы келу сипаты мен олардың
үйлесу, үндесу ерекшелігінен де туады.
Ақын шеберлігінің бір қыры осы жерден
байқалады.

Әлияның елге жазған хаттары бүтіндей
дерлік өзге Әлияны көрсетеді. Бұрынғы сәл
нәрсеге қуанып, сәл нәрседен шошынатын
Әлия енді есейген жан, тәжірибелі жауын-
гер. Әр сөзінде қалыптасқан берік әскери
психологияның табы бар. Жауына кешірім-
сіз, жолдас-жораға келгенде, біріне қарын-
дас болып еркелей сөйлесе, бірімен ойнақы
тіл қатысады. Соның қай жерінде болмасын,
жеңіске деген сенім, нық сенім, берік оп-
тимизм жатады. Балалық пен егделік адам
өмірінің бірімен бірі тоғыспас кезеңдері
болғанмен, автор герой жанының сәби су-
реті мен ересек тартқан шағының салқын,
қату жүзін бір тұлға бойында бір кезеңде
көрсетеді. Расында бір адамның бір уақытта
әрі бала, әрі егде адам болып көрінуі ең
қарапайым логиканың өзіне де қайшы. Әйт-
кенмен автор ол қайшылықтың түп негізін
соғыс салдарынан деп табады. Шығарма
шындығына нұқсан келтірмейтін екіжақты-
лықпен тарихи дәуірдегі бір ұрпақ өкілінің
нанымды образын жасайды. Поэмадағы бас-
ты жетістік деп осыны танысақ, ол жаңсақ-
тық емес. Шынында да поэма құндылығы
ерте есейген геройдан шын әрі көркем об-
разының сәтті шығуында жатыр.

Ақын творчествосы туралы кесімді пікір
айту үшін бұлар әлі аз, ал өз үні, өз жолы
бар ақынның іздену, өсу үстінде екендігін
кемел шабыттан туған оның «Әлия» атты
өлеңдер жинағы тағы да дәлелдей түскен.

Жаңғара ДАДАБАЕВ.



Аңдатпа

Осы рецензия менің республикалық әдеби журналда жарық көрген алғашқы шығармам еді. Әдебиеттану, әдеби сын әлеміндегі жолым осыдан басталды. Каникул кезінде ауылда жүріп оқыдым. Оқып отырып, жазған еңбегімнің жарияланғанына қуанғаным есімде.

Студент кезімде «Жұлдыз» журналында жарияланған осы шығармам өзіме сондай ыстық көрінеді.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша лекцияларым жарияланған кітаптарымда, оқу құралдарында осы шығармамды өңдеп, өзгертіп жариялаған едім. Кейін қайта қарағанымда, «Жұлдызда» жарияланған түпнұсқаның құрылым-жүйесін оқу құралдарына қойылатын талаптарға сай мүлде өзгертіп жібергенімді көрдім. Оны өз архивімде алғашқы қалпында өзгеріссіз сақтағанды дұрыс көрдім.

«Жұлдыз» журналының осы санын Ұлттық кітапханадан алып, осы беттердің фото көшірмесін жасаған докторантым Алма Кенжеқожаеваға рақыметімді айтып, ғылымдағы жолының жемісті болуын тілеймін.

Автор